



би ансамблінің негізін қалап, ұлттық өнерді жандандырып, ансамблді дүйім жұртқа танытқан өнердің жанашыры болып, шәкірттерінің сүйікті ұстазына айналған бір туар талант иесі ретінде танимыз. Осынау елеулі еңбектеріңіздің нәтижесінде өзіңіз негізін қалаған ансамбль 2004 жылы «Халықтық» атағын иеленіп, ал Сіз Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері атанғаныңыз бәрімізге аян.

Киелі би өнерін - бойтұмарыңыздай қадірлеп, 50 жылдан астам ғұмырыңызды жас ұрпақтың бойына сіңіруде қаншама елеулі еңбек пен күш-жігеріңіздің сарқылғанын білеміз. Сүйікті ансамбліңізге әр ұлттың биін қойып, сахна әндерді әрлеп көркемдегеніңіз, қаншама шәкірт тәрбиелегеніңізді ауыз толырып айта аламыз.

қалаған «Ақбота» халық биі ансамблі, жетекшілері Аружан Ембергенова мен Қымбат Кенжегарина қаламыздың мақтанышы деп айтсақ артық емес. Ұлы өнерді серік еткен сіздің бүгінде сахна төрінде 50 ге жуық шығармаларыңыз шарықтап, жас толқынға мақтаныш болардай дара жолыңыз, өнегелі еңбегіңізбен, тындырымды ісіңіз және қарапайым да парасатты мінезіңіз өмірлік сабақ пен үлгі.

Осынау өнегелі, қазыналы ғұмырыңызға Арқалық қалалық Мәдениет сарайы ұжымының атынан алғыс білдіре отырып, Сізге мықты денсаулық, қажыр-қайрат, отбасыңызға бақыт пен береке, немерелер мен шөберелердің қызығын тамашалайтын ұзақ ғұмыр тілейміз. Асқар бейнеңіз әрдайым құрмет пен абырой биігінен көрінсін.



Сіз тәрбиелеген шәкірттеріңіз сіздің жолыңызды қуып, бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде және біздің мекемемізде қызмет жасап жүр. Сіз негізін

Замзагүл АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ
Арқалық қалалық Мәдениет сарайының
әдебиет бөлімінің меңгерушісі

Ырғақтан өнеге өрген ұстаз

Би өнері – әлемнің рухани елшісі. Қазақтың халықтық би өнері - ерте заманнан қалыптасқан, тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы. Ежелден елдік пен ерлікті ту қылып көтерген Торғай өңіріндегі құтты қоныстардың бірі болып табылатын - Арқалық қаласыда бүгінде рухани қазынаға мейлінше бай өлке. Хас батырларға, арқалы ақын мен жігерлі жазушыға, әуезді әнші мен күренді күйшіге, мың бұралған бишіге, ғибратты ғалым мен өрелі өнерпазға толы киелі орда екені мәлім.

Ұлы даланың тамыры терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі өңіріміздің мәдениетін дүйім елге танытқан өнердің жанашыры, бір туар талант иесі - Өзбекәлі Жәнібеков атамыздан бастау алары сөзсіз.

Бүгінгі тілгетиекеткелі отырған жан осы салаға зор үлесін қосқан өңіріміздің біртуар азаматы, елі ардақтаған өнер саңлағы, ақылшымыз, өнердегі темірқазығымыз, қазынамыз - Еркін Жүсіпұлы болмақ.

Еркін Жүсіпұлы - 1949 жылы 13 шілде Амангелді ауданы, Байғабыл ауылында дүниеге келген. Біз ағайды Арқалық қаласында алғаш рет 1997 жылы «Ақбота»